

**"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы және аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2010 жылғы 21 шілдедегі № 254 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 145 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 маусымда № 9-12-160 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 40 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 18.03.2016 № 40 қаулысымен (алғаш қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабының 2-тармағына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы және аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2010 жылғы 21 шілдедегі № 254 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-12-144 нөмірі бойынша тіркелген 2010 жылғы 5 тамыздағы "Айна" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулы 1-тармағының 1), 2) тармақшылары келесі редакцияда жазылсын:

"1) дәнді дақылдар (жазғы бидай, жазғы арпа, сұлы, тары, қарақұмық) 15 мамырдан 5 маусымға дейін;

2) майлы дақылдар 18 мамырдан 30 мамырға дейін;"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.А. Хакимжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК